

**ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГІ
ДОКТОРАНТУРА ДЕҢГЕЙІ**

Пән циклі	Пәндердің атауы және олардың негізгі бөлімдері	Кредит көлемі
<i>КП 1</i>	КӘСПТІК ПӘНДЕР (КП)	
	8D02301- мамандығы «Филология», 3 жыл	
1.	<p align="center">Интегралды дискурс теориясы</p> <p>Пәннің мақсаты мәтіндегі фактуалды, концептуалды ақпараттың көрінісін дискурсивті тәсілдер арқылы меңгерту, функционалды стильдегі әртүрлі мәтіннің тілдік ұйымдасуының дискурсивтік құрылымын ажырата білуді меңгерту;</p> <p>Ауызша және жазбаша ғылыми мәтіннің кәсіби және қатысымдық түрлерін меңгерту; Қазіргі интегралды дискурс теориясының даму барысындағы негізгі лингвистикалық категориялары мен мәтіннің ғылыми зерттеушілік, оқу және кәсіби міндеттерін меңгерту;</p>	5
	<p align="center">Дискурс теориясы: дискурсивтік талдаудың әдістері және контент-талдау</p> <p>Қазіргі лингвистикадағы дискурс түсінігі. Дискурс белгілі бір әлеуметтік прагматикалық контексте мағыналы және мақсатты тілдік әрекет ретінде. Дискурс тарихи, әлеуметтік және идеологиялық детерминирленген сөйлеу түрі ретінде және нақты дискурстарды құру нормасы. Дискурстың формалды анықтамаларының салыстырмалы құндылығы. Дискурс сөйлеу хабарламаларының түрі және дискурстарды құру нормасы. Сөйлеу тілінің референциалды және коммуникативтік мазмұны. Сөздің имплициттік мазмұны: жалпы түсінік. Инференция. Коммуникативтік импликауралар. Пресуппозиции. Дискурстың жаһандық тақырыбы және жергілікті тақырыптары. Тақырыптық когеренция құралдары. Сөйлеу актісі ұғымы. Перформативті сөздер. Сөйлеу актілерінің типологиясы. Жанама сөйлеу актілері. Сөйлеу актілерінің классикалық теориясының кемшіліктері.</p>	5
2.	<p align="center">Әдебиеттанудағы ғылыми басым бағыттар: батыс-шығыс</p> <p>Әлем әдебиеті тарихындағы Шығыс (араб, парсы, үнді, жапон, қытай, түркі, т.б.) классикалық мұралардың жанрлық ерекшеліктерін, мұралардағы халықтық-этнографиялық сипаттардың тарихи-поэтикалық негіздерін зерттейтін басым бағыттарды анықтау;</p> <p>Батыс Еуропа (ағылшын, неміс, француз, венгер, поляк, т.б.) классикалық әдеби мұраларына ұлттық ерекшелік және поэтикалық үндестік тұрғысында талдаулар, бағалаулар жасау;</p>	5

	Қазақ классикалық әдебиеті мұраларының (XV-XXIғғ.) әлемдік әдеби үдеріспен сабақтастығы және ұлттық-этнографиялық өзгешеліктерін салыстыра талдап бағалау;	
	XX-XXI ғасыр Батыс пен Шығыс әдебиетінің қазіргі бағыты	5
	Қазіргі батысеуропалық және шығыстық прозаның даму үрдісі. Интертекстуалдылық қазіргі прозаның дамуындағы басты бағыт. Неомифологизм қазіргі әдебиеттің маңызды үрдісі ретінде. Әлем жазушыларының шығармашылығындағы сана ағымы және абсурд театры. Қазіргі феминистік әдебиет. Постмодернизм және оның қағидаларының ұлттық пішінде жүзеге асуы.	
3	Қазақ әдебиетіндегі модернизм және постмодернизм	
	Постмодернизм туралы түсінік. Постмодернизм нысаны-мәтін. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі постмодернизм. Әдебиеттегі сананың екіге жарылу мәселесі. Постмодернизм тарихы мен теориясы. Неомифологизм- қазіргі әдебиеттің маңызды үрдісі. Постмодернизмнің негізгі және қосалқы белгілері. Қазақ поэзиясындағы постмодернизм. Философиялық, эстетикалық медитативтілік және поэзиядағы әлемнің эпикалық көрінісі. Постмодернизм қағидаларындағы ұлттық пішін.	
	Қазақ әдебиетіндегі әдеби бағыт-ағымдар	5
	Әдебиеттегі әдеби ағым, әдеби бағыт ұғымдары туралы түсінік. Классицизм бағыты. Классицизмнің негізгі принциптері. Малерб, Буало, Н.А. Жирмунская еңбектеріндегі классицизмнің ғылыми анықтамалары. Сентиментализм ағымы. Л.Стерн, Н.Карамзин шығармаларындағы сентиментализм белгілері. Ақан сері, Біржан сал өлеңдеріндегі сентиментализм көріністері. Романтизм және оның адамзат мәдениетінің дамуындағы ролі. Романтизм туындыларына тән гуманистік идеялар. М.Өтемісұлы, М.Жұмабаев, Ғ.Мүсірепов, І.Есенберлин, Т.Айбергенов, О.Сүлейменов шығармаларындағы романтикалық сарын. Реализм ағымына тән ерекшеліктер. Қазақ әдебиетіндегі сыншыл реалоизм өкілдері. Абай туындыларындағы сыншыл реалистік көзқарастар.	
4	Психоллингвистика және қатысым теориясы	5
	Психоллингвистиканың негізгі ұғымдары мен түсініктері. Коммуникативтік лингвистиканың ұстанымдары мен негізгі	

	ерекшеліктері. Қатысым теориясының сөйлеу актісі теориясымен тікелей байланыстылығы Сөйлеу актісі. Тілдік бірліктердің санадағы көрінісі. Сана мен ойдың қатысы. Тілдік сана. Тілдік сана мен когнитивтік сана байланысы. Сөйлесім әрекетіндегі код және оның түрлері.	
	Қазіргі ауызша сөз стилі	5
	Ауызша сөйлеу тілі және ауызекі тіл мәселелері. Қазіргі кезде әдеби тілдердің қоғамға екі түрде қызмет ететіні: жазбаша және ауызша. Жалпы әдеби тіл мен ауызекі тілдің арасындағы айырмашылықтар. Қатысым теориясының сөйлеу актісі теориясымен тікелей байланыстылығы. Сөйлеу актісі -тілдік бірліктер арқылы жүзеге асырылып, қатысымдық әрекеттің орын алуына себепші тілдің негізгі факторы. Сөйлеу актісіндегі тілдік бірліктердің қатысымдық бірліктерге айналу процесі ақпараттың мазмұн мен форманы жинақтауынан, яғни кодталуынан көрінетіндігі.	
5	Қазақстанның филологиялық тұлғалары тарих және қазіргі заман	5
	Көркемдік әлемнің сырлары, әдебиеттану, эстетика, мәдениеттану салаларындағы өнерге қатысты жаңа концепциялар, тұлғалардың филологияға қатысты зерттеу еңбектеріне талдау, әдеби-теориялық ұғымдарды өзіндік ерекшеліктеріне сай ажырату, әдебиеттің тарихи және теориялық ой-тұжырымдарын өзіндік ойларымен ұштастыру, әдебиет теориясы	
	Авторлық әдебиет поэтикасы	5
	Әдеби үдерістегі шығармалар авторы туралы түсінік. Авторлық және адресат. Авторлық әдебиеттің ежелгі үлгілері. Авторлық поэзиядағы әдебиет пен фольклор дәстүрлері тұтастығы. Авторлық әдебиеттегі жазбаша айтыстар.	